

«Дөңгілағаш ауылының негізгі орта мектебі» КММ.

2022-2023 оқу жылына арналған  
тәрбие жұмысының талдауы

### **Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

### **Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

### **Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

### **Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі**

**Мақсаты:** Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

### **Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

### **Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

### **Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

**Мақсаты:** тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

### **Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бекітілген 2022-2023 оқу жылының Зеренді ауданы Білім бөлімінің бекітілген жылдық жоспарына сүйене отырып, Дөңгілағаш ауылының негізгі мектебінің сынып жетекшілеріне жылдық тәрбие жұмысының жоспары жасалып бекітіледі. Мектебімізде 6 сынып комплекті жыл басынынан бөлініп, сынып жетекшілері бекітіліп, сыныптың тәрбие жоспары құрылып жұмыс жасауда.

Тәрбие жұмысының 8- бағыты бойынша және айлық жоспар жасалып, іс-шаралар өтіліп, анықтамалар жасалынып, әлеуметтік желіде жарияланып отырылуда.

**1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша** Зеренді аудандық білім бөлімінің бұйрығын негізге ала отырып, 2022 оқу жылының 1-қыркүйек білім күніне орай бірыңғай ашық сынып сағаттары мен білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды.

«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді.

Бұл іс шараға бүкіл мектеп ұжымы толық қамтылды.

1-9 сыныптар арасында өткен сынып сағаттары жоспарға сай өткізілді. Сынып сағаттарының мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырылып құрылды. Барлық сыныптарда қауіпсіздік шаралары сақталды.



Мектептің барлық сыныптары үшін салтанатты саптузеу мектептің алаңында өткізілді.



Қазақстан Республикасының Тілдер мерекесі күні қарсағында 05 – 16-қыркүйек аралығында онкүндік іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Осы жоспарға сәйкес Қазақстан Республикасының Тілдер күні мерекесіне арналған «Ахмет Байтұрсыновқа-150 жыл», атты апталық аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің тіл мамандары сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар өткізді. Онкүндікте А. Байтұрсынов туралы бейнесабақтар, «Ахмет бізбен» атты онлайн викторина, «Дәуірдің жарық жұлдызы» атты кітаптар көрмесі, «Ұлылықтың отын жаққан шырақшы» атты әдеби кеш, «Ахмет – ұлт ұстазы» атты эссе жазу, «Ауылым – алтын бесігім» атты суреттер көрмесі іс-шаралары өтті



Мектебімізде айлықтың жоспарына сәйкес қыркүйек айында 1-7сыныптар арасында

«Жолда жүру ережелері» тақырыбында «Абайла, балақай!» акциясы өткізілді. "Балалардың жолдағы қауіпсіздігі" атты жедел профилактикалық іс-шара барысында балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу, көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрысына байланысты дағдыларын дамыту мақсатында ауыл медбикесі Рахимова Ж.Е. және мектеп әкімшілігімен бірге үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Сынып сағаттары сабақ кестесі бойынша жүргізілуде.

15-22 қазан күндері аралығында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерін насихаттауға арналған онкүндік жоспары құрылып, «Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтынышы» атты тақырыпта түрлі іс-шаралар мен сынып сағаттарын өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды.

2022-2023 оқу жылы «Түнгі рейд» жүргізу бойынша кесте құрастырылып, жұмыс жүргізілуде. Рейд барысында мектеп оқушылары тарапынан құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Мектептің ата-аналар комитетімен бірлесе отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ай сайын мектепшілік жиналыс өткізіліп отырады. Қараша айында оқушыларды жалпы тәртіппен таныстырып, кешкі уақытта жүрмеу, және қоғамдағы құқықбұзушылықтардың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қазан айында «Қарттар айлығы» аясында мектептің іс шаралар жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстар ұйымдастырылып, әлеуметтік желіге жарияланды. Жоспар бойынша қайырымдылық акциясы өткізілді. Ауылымыздағы жалғыз басты қарт анамыз – Махатова Зебергүл апамызға, мектеп оқушыларынан құрылған еріктілер тобы көмек көрсеті. Ер балалар әжеміздің ауласын жинап берді. Ал қыздар үй шаруасына көмектесті. Әжеміз қыздарға өз алғысын айтып, балаларға өз батасын берді.



15.11.2022 күні «Бала құқығы – адам құқығы» айлығында өткізілген «Балалық шақты бірге қорғайық!» атты оқушылардың алған жетістіктерін инстаграм желісіне жарияланды. Желтоқсан айында аудандық білім бөлімінен



келген қатынас хатының негізінде ,бастауыш сынып оқушыларының арасында «Қазақстандағы Код Сағаты» акциясы өтті.



15.12.2022 күні, тәуелсіздікке арналған сынып сағаттары өтті. Сынып сағаттары барысында, Қазақстан елінің тәуелсіздігі туралы толық ақпарат берілді. Осыған орай қосымша іс-шаралар да өтті. «Тәуелсіздік құрбандары» атты «Жас Қыран» ұйымы мүшелері мен «Жас Ұлан» ұйымы мүшесі Оразбай Жанеркемен кітаптар көрмесі ұйымдастырылып өткізілді. Кітаптар көрмесінде «Жас Ұлан» ұйымының мүшесі Оразбай Жанерке еліміздің өткен тарихына шолу жасап, оқушылармен танымдылық отырыс өткізді. Желтоқсан оқиғасының құрбандарын еске алу мақсатында тарих пәнінің мұғалімі Бекешов Елдар Серікұлы тарихи танымдылық сабақ өткізді. Сабақ тақырыпқа сай мазмұнды өтті, оқушылар қызыға қатысып, сұрақтарға таласа жауап беріп отырды.




1-16 желтоқсан аралығында Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау барысында тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай, 1-9 сыныптар арасында «Желтоқсан алауы тәуелсіздік бастауы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. сынып сағаттары өткізіліді. Тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай ұйымдастырылған оқушылар арасында патриоттық ән байқауы өткізілді.

Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау жылына екі рет , 1- 4 сынып оқушылары «Жас Қыран» ұйымына, 5 -9 сынып оқушылары «Жас Ұлан» ұйымына қабылданып тұрады. Жалпы мектеп оқушылары үшін «Өзін-өзі басқару» балалар ұйымы жұмыс атқарады. Ұйым жұмыс бірнеше фракцияларға бөлінген және жауапты оқушыларға жүктеліп, жоспарға сай жұмыс атқарылып келеді. Жылдық жоспар құрастырылып, мектепшілік ұлдар және қыздар жиналысы өтті. Күн тәртібін негізге ала отырып, ұл-қыздарды оқушы ережесімен таныстырып, құқық бұзушылықтың алдын алу және буллинг және кибербуллинг алдын алу жолдары жайлы баяндамалар оқылды.

## **2. Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша**

2022-2023 оқу жылында мектепшілік 1-9 сыныптар арасында «Күз-мереке, күз-береке» атты кеш ұйымдастырылды. 5-9 сыныптар арасында мектебімізде ұйымдастырылған «Алтын күз» байқауы өткізілді. «Ұлы даланың ұлы тұлғаларын» ұлықтау мақсатында мектеп кітапханашы Турлубекова Р.А. «Кітап- алтын қазына» атты тақырыпта кітап оқу жарысын ұйымдастырды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мектебіміздің дәлізінде оқушылар мен мектеп жұмысшылары үшін кітап оқуға арналған бұрыш жасақталды. 11.10.2022ж «Мейірім» еріктілер клубының кезекті отырысы өтті. Отырыс мақсаты: еріктілер клубының мақсаты мен міндеттерін айқындап, жаңа тапсырмалар тағайындалды. Еріктілер клубында 8 оқушы бар. Еріктілер клубының мүшелері өздерінің ойларымен бөлісті.



**3. Ұлттық тәрбие** бағыты бойынша 1 қазан ұстаздар күніне орай мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен концерттік кеш өткізілді, 1-9 сыныптар арасында «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» атты сынып сағаттары өткізілді.

Өмірінің саналы ғұмырын халқына қызмет етуге арнап, қаншама ұрпақты білім нәрімен сусындатқан, бар балаға мейірімін төгіп, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп жүрген ардагер ұстазымыз Арыков Нұрмағамбет Тиешұлы мектеп директоры Касайнова Балапан Мұхамедқарімқызы бастамасымен қарттар күніне орай ұйымдастырылған Ұстазым, ұлағатым, үлгі – өнегем! атты кеш өткізілді.





Кешіміздің арнайы қонақтары ауыл тұрғындары мен ұстаздары қатысыты. Мектебіміздің ардагер ұстазымызбен тікелей сыр- сұхбат алынды. Сұхбат барысында Арыков Н.Т. өмір жолы, қызметі жайлы әңгіме жүргізілді.



Сонымен қатар мектебіміздің үлгілі ұстазы Жакупова Сәуле Тоқпайқызы жетекшілігімен «Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.

28.09.2022ж. күні діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында «Елімізге тиым салынған ағымдар туралы» жоғары сынып оқушыларымен дінтану пәнінің мұғалімі Бекешов Е.С. «Дінсіз тәрбие – тамырсыз көшет» атты тақырыпта 8,9-сыныптар арасында ашық тәрбие сағатын өтті.

Террорлық тұрғыдан қауіп төнген жағдайда оқушылар мен мұғалімдер құрамының төтенше жағдайлар кезіндегі жүріп-тұру іс-әрекеттерін дағдыландыру мақсатында іс-шара өткізілді. Осыған орай мекеме қызметкерлерімен, оқушылармен және тәрбиеленушілермен ашық сабақтар, кинофильмдер көрсету, қабырға газеттерін шығару, және дөңгелек үстелдер

тарих пәнінің мұғалімі Бекешов Е.С. мен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды.

17.10.2022ж Қарттар айлығы аясында «Қарттарын қадірлеген ел - ардақты» атты мерекелік концерт өтті. Концертке 1-9 сынып оқушылары қатысып, ауылымыздың қарттарын мерекелерімен құттықтады. Меркелік кеште ауылымыздың ел ағасы Рахимов Ерболат Қабыкенұлы және мектебіміздің тәжірибелі ұстазы Жакупова Сауле Тоқпайқызы сөз сөйлеп, қарттарды құттықтады. Мерекелік концерттен соң ауылымыздың мешітінде қарттарымызға арналған ас берілді.



8.11.2022 күні «Өзін өзі басқару» ұйымының қыздарымен «Ерте жүктіліктің алдын алу» атты әңгімелесу күні өтті. Әңгімелесу барысында қыздармен тақырыпты талқылау жұмыстар жүргізілді. Қыздарға кішігірім сауалнама жүргізілді.



15.11.2022 күні «Ұлттық валюта» күніне орай 2,3 сынып оқушыларым таныстырым өтті. Ұлттық валюта туралы көптеген қызықты деректер айтылды.



**4. Отбасы тәрбиесі** бағыты бойынша 1-4 сыныптар арасында «Отбасы -бақыт мекені», «Менің отбасым» атты тақырыпта сурет көрмесін ұйымдастырылып, сынып сағаты өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды. 5-9 сыныптар арасында «Отбасың – шағын мемлекет», «Отбасым – менің бақытым», «Отбасы – бақыт мекені», «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» атты тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп әлеуметтік желіге жарияланды.



Жыл бойына « Жылы ұя» отбасы клубы құрылып, жетекшісі бекітіліп биылғы оқу жылынан бастап жұмыс жасай бастады. Қазан айында ауылымыздың көп балалы анасы-Атымтаева Қарлығаш апаймен кездесу ұйымдастырылды. Балалар бқл кездесуден кқп жылулық ала білді, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, соңында анамызға арнап шағын концерт қойылды.

Мектеп кітапханашысы Турлубекова Р.А. ұйымдастыруымен отбасылық оқылым сағаттары өткізіліп жатыр. «Жас Қыран» мүшелерінің қатысуымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған «Отбасылық оқылым» өтті. Оқылымда оқушылар ата-аналарымен сүйікті кітаптарын оқыды.



**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** бағыты бойынша қыркүйек айында әр жұма сайын «Мектепшілік сенбілік» жұмыстары жүргізіледі. Мектебімізде «Алтын күз» мерекелік іс-шара жоспары жасалып, 2-4 сыныптар, 5-7 сыныптар және 8-9 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Оқушылар арасында өзінің қолдан жасаған



шығармашылығымен көзге түскен сыныптарды мақтау қағаздарымен марапатталды.



Оқушылардың демалыс кезінде өткізілетін іс-шара жоспарын жасап, каникул кезінде балалардың демалысын, бос уақытын ұйымдастыру барысында жұмыс жүргізіліп, әлеуметтік желілерге жүктелді. 2022-2023 оқу жылы бойынша балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар ұйымдастырылып түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1-9 сынып оқушыларымен « Жыл мезіліне орай қауіпсіздік шараларын сақтан!» тақырыбында әңгіме өткізілді. Ата-аналар жиналысы өткізіліп, оқушылардың демалыс кезіндегі жүріс-тұрыс ережелері бойынша сынып жетекшілері түсіндірме жұмысын жүргізді.

Салауатты өмір салты айлығы бойынша 2-сыныптар және 5- сыныптар арасында, спорттық шаралар ұйымдастырылып, мектепшілік «Күз 2022» атты эстафеталық спорттық ойын түрлерін өткізілді.

1-4 сыныптар арасында «Қыстайтын құстарға көмектесейік» атты сынып сағаты өткізіліп, құстарға қоректендіргіш дайындық жұмыстарын жүргізді.

**6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** бағыты бойынша әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру мақсатында «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Менің сыбайлас жемқорлық туралы» тақырыбында түрлі іс-шаралар жүргізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 5-9сыныптарда «Жемқорлық індет – жою міндет»,



«Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлық – қоғам дерті», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес-көптің ісі», «Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» т.б тақырыптарды тәрбие сағаттары өткізілді. 2022-2023 оқу жылы «Түнгі рейд» жүргізу бойынша кесте құрастырылып, жұмыс жүргізілуде. Рейд барысында мектеп оқушылары тарапынан құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Себепсіз сабақтан қалған оқушыларда анықталмады. Жоспарға сәйкес «Зорлық-зомбылықсыз және қатігездіксіз балалық шақ» атты іс-шаралар жоспарын құрастырылып, бекітілді. «Қатігездіксіз әлемді қалай орнатуға болады?» атты 7-9 сынып оқушылары арасында ең үздік әңгіме (эссе) байқауын ұйымдастырылды. Оқу жылының басында «Оқушылар арасындағы суицидтің алдын алу туралы» «Өзіне – өзі қол жұмсаудың (суицидтің) алдын алу» мәселелері бойынша жұмысшы топ құрылып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілермен бірлесе отырып мектеп психологы іс - шара жоспары жасалып, 1-9 сынып жетекшілеріне өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу мақсатында «Өмір үшін өмір қымбат!», «Мен өмірді таңдаймын!», «Өмір және оның мәні» тақырыптарында дөңгелек үстел видеоролик көрсетіліп, сауалнамалар алынды.

**7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие** бағыты бойынша жеке тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру мақсатында «Дүниежүзілік балалар орай, 1-9 сыныптар арасында «Бала құқығы-адам құқығы» атты республикалық онкүдік барысында «Менің бақытты балалық шаққа құқығым» атты тақырыпта сынып сағаты 5-9 сыныптар аралығында эссе жазу байқауы өтті. 2021-2022 оқу жылы 1-9 сыныптар арасында "Мен Тәуелсіз елдің -ұланымын" атты әскери жаттығулары туралы сайыс сыныптан тыс сайыс өткізді.

**8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты** бағыты бойынша салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында 17 –қазан айында дене шынықтыру пәні мұғалімі, тәрбиешілердің ұйымдастырылуымен дене тәрбиесі, салауатты өмір салты айлығында өткізілген іс-шараға 5-6 сыныптар аралығында оқушылармен қатар ата-аналарымыз да ат салысты. «Толағай» эстафеталық ойыны ұйымдастырылып өткізілді. Қарашаның 11-23 жұлдызы аралығында «Өрттен абай бол» суреттер байқауы болып өтті. Сынып жетекшілер тарапынан оқушыларға өрттің алдын алу шаралары түсіндіріліп, балалар өз ойларын қағаз бетіне түсірді. Желтоқсан айында және СПИД ғасыр дерті тақырыпта апталық болып өтті. Бұл апталықта ауыл мейірбикесі Рахимова Ж.Е. ішімдіктің, темекімен нашаның зияны туралы және СПИД ауруы туралы пікір алмасып, баяндамалар

оқылып, видео көріністер көрсетілді. 8-9сыныптар арасында биология пәні мұғалімі Қатерлі АИТВ/ЖИТС дертінің алдын-алу,оның жұғу жолдарын одан сақтанау салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Біз СПИД – ке қарсымыз», «Ғасыр дерті болып табылатын ЖИТС», бейнеролик көрсетті. 2-сыныптар және 5- сыныптар арасында, спорттық шаралар өткізілді. Мұғалімдер арасында мектепішілік «Күз 2022» атты эстафеталық спорттық ойын түрлері өткізді. Аудан көлемінде мектепішілік жарыстарда жас мамандар мен оқушыларымыздың жетістіктері өте көп.

Оқушылардың тоқсан аралық демалыстарын тиімді ұйымдастыру үшін жұмыс жоспары бекітіліп,жауапты мұғалімдерге таныстырылады.

1.11.2022 күні, күзгі каникул уақытында өткізілген «Күзді жырлаймын!» атты өлеңдер байқауына «өзін өзі басқару» ұйымынан 7 бала қатысты. Оқушылар өздерінің дайындаған күзгі өлеңдерін айтып жарысқа түсті. Жарыс қызу өтті. 7 баланың ішінен суырылып шыққан 6-сынып оқушылары Жолдаңғарова Аққу мен Қайырбай Інжу болды. Орын алған ұйым мүшелері марапатталды.



2.11.2022 күні күзгі каникул уақытында «өзін өзі басқару» ұйымының мүшелерінің қатысуымен кино күні өтті. Кино күнінде ұйым мүшелеріне «Үзілген моншақ» атты тарихи деректі фильмі көрсетілді. Деректі фильм халқымыздың қаһарман қызы Мәншүк Маметова туралы болды. Балалар фильмнен өте жақсы әсер алды. Фильм соңында балалар өздерінің алған әсерлерімен бөлісті. Сұрақтарға таласа жауап берді.



3.11.2022 күні Күзгі каникул уақытында «Өзін өзі басқару» ұйымының қыздарының қатысуымен «Жас аспазшылар» күні өткізілді. Аспазшылар күнінде 3 қыз қатысты. Қыздар осы күнде күзгі салат дайындады. Қыздар өздерінің асүйдегі шеберлігін шындады. Қыздарға аспазшылар күні ұнады.



6.11.2022 күні Каникул уақытында «Отбасыммен өткізген бір күнім» атты 1-9 сыныптар аралығында фотоколлаж ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің отбасыларымен өткізген қызықты суреттерді жинақтап, көрсетті.



29.12.2022 күні бастауыш сынып оқушыларына қысқы каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырылып өтті.



4.01.2023 күні қысқы каникул барысында «Менің сүйікті кітабым» атты іс-шара өткізілді. Іс-шарада оқушылар өздерінің қысқы каникул уақытында оқитын кітаптарымен таныстырылым жасап, бөлісті.





5.01.2023 күні «Өзін өзі басқару» ұйымының мүшесі 7-сынып оқушысы Ирсаева Жансая бастауыш сынып оқушыларын ертегілер еліне саяхатқа шақырып, өзі қызыға оқыған кітабын оқып берді.





6.01.2023 күні «Өзін өзі басқару» ұйымының мүшелері қатысуымен «Өзің оқы да, өзгеге ұсын!» аясында оқушылардың қысқы каникулын тиімді өткізуге арналған іс-шара өткізілді. Оқушылар өздері оқыған кітаптарын достарына сыйлап, оқып шығуларына кеңес берді.



